

1 2007  
56 к




ҚАЗАҚСТАН  
ХАЛЫҚТАРЫ  
ТІЛІНДЕГІ  
ӘДЕБИЕТТЕР

# Жапар Мұса

## ӨНЕР ШЕБЕРЛЕРІ

Ұйыр өнер шеберлері  
туралы толау





1 2007/56к



ҚАЗАҚСТАН  
ХАЛЫҚТАРЫ  
ТІЛІНДЕГІ  
ӘДЕБИЕТТЕР

# Жапар Мұса

Национальный научно-исследовательский  
и методический центр народного творчества

6187690

## ӨНЕР ШЕБЕРЛЕРІ

Жайыр өнер шеберлері  
туралы толығу



Алматы  
"Жазушы"  
2006

**ББК 85.31**

**М**

*Қазақстан Республикасы Мәдениет жөне ақпарат министрлігінің бағдарламасы бойынша шыгарылды*

**Мұса Ж.**

**М 22 Өнер шеберлері. (Үйгыр өнер шеберлері туралы толғау).— Алматы: Жазушы, 2006.—192 бет.**

**ISBN 9965-764-29-8**

Белгілі үйгыр жазушысы Жалал Мұса бұл кітабын қазақ тіліндегі жазған. Жипақ үйгыр халқының әндері мен билерінің сипаты, “Он екі мұқамының” қалыптасуы және оның біздің заманымызға жеткен жолдары, оны үзбей шерткен өнерпаздар, қазіргі композиторлар, Қазақстанның халық әртістері мен еңбек сіңірген әртістері, сондай-ақ халық арасындағы талантты өнші-күйіші, бишилдердің шығармашылық жолдарынан жан-жақты мәлімет береді. Кітап қолжазбасына кезінде Қазақстанның халық әртісі Мұрат Ахмәди пікір айтып, белгілі жазушы Құрманбай Толыбаев әдеби жағынан өңдеген болатын. Кітапқа енген мақалалардың көпишілігі ертеректе жазылғандықтан, олардың уақыты көрсетіліп, сол кезге тән жазылу мәнері сақталды.

**M** 
$$\begin{array}{l} 4905000000-045 \\ \hline 402 (05)-06 \end{array}$$

**ББК 85.31**

**ISBN 9965-764-29-8**

© Мұса Ж., 2006

© “Жазушы” баспасы, 2006



## АЛГЫ СОЗ ОРНЫША

Жалал Мұса Мөмстұлы (Джалалидин Мұсаев) 1927 жылды 1 желтоқсанда Талдықорған облысы (қазіргі Алматы облысы) Жаркент қаласында туған. 1964 жылды С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін оқып бітірген. 1957 жылдан бастап үйғыр тілінде шығатын “Коммунизм туғи” және “Жаңа өмір” газеттеріндеге коптеген жылдар әдебиет, онер және мәдениест болімінің меңгерушісі болған. 1991 жылды Қыргызстан Жазушылар одағына барып, үйғыр әдеби кеңесін құрып, 5 жыл үйғыр секциясын басқарған.

Жазушы 1950 жылдан әдебиетке араласқан.

1969 жылдан Қазақстан Жазушылар одағының және Журналистер одағының мүшесі.

Жазушының құрастыруымен 1960 жылды “Үйғыр халық ертегілері”, 1963 жылды “Үйғыр халық жырлары” атты жинақтар жарық корді. 1965 жылды “Жеңімпаздар дәстүрі” повесі, 1969 жылды “Ошпес іздер” повесі, ал 1974 жылды “Алystағы ауыл” повесть және әңгімелер жинағы орыс тілінде шықты. Сол жылды “Олар сәбсімен даңқты” очерктер жинағы жарық корді. 1978 жылды “Өлгендер ізімен” повесть және әңгімелер жинағы жарық корді. 1983 жылды “Ошпес іздер” повесть және әңгімелер жинағы қазақ тілінде шықты. 1986 жылды “Керуен жолы” деген атпен повесть және әңгімелері басылып шықты. 1987 жылды “Таң алдында” атты тарихи романы қазақ тілінде жарық корді. 1993 жылды “Айырылу” дейтін тарихи романы үйғыр тілінде шықты. 1995 жылды “Тасқын” тарихи романы жарық корді. 1996 жылды “Дүрбелен” тарихи (дилогия) романы басылып шықты. 2000 жылды “Как” повесть және драмалар жинағын және “Арман” романын шығарды. 2002 жылды “Құтып жүлдізы” трилогиясының бірінші кітабы – “Урхун-үйғыр тасқыны”

басылып шықты. 2003 жылы трилогияның екінші кітабы “Кең су толқыны” жарық көрді. 2004 жылы трилогияның үшінші кітабы “Қараханилар давраны” басылып шықты.

Ж.Мұса 50 жылдан астам уақыттан бері шығармашылық іспен айналысып келеді. Осы жылдар аралығында ол 8 роман, 8 повесть, 5 драма, 1 очерк жинағын шығарды.

Прозашы, журналист, драматург, тарихшы, жазушының бірнеше шығармалары қазак, қырғыз, орыс тілдеріне аударылып басылды. Жазушы қоптеген көрнекті қазак, өзбек, қырғыз жазушыларының шығармаларын үйгыр тіліне аударған. Оның жүздеген әңгіме, очерктері, газет-журналдарда жарық көрді.

Жалал Мұса Мәметұлы қазір зейнет демалысында. Жасы келіп қалса да, шығармашылық іспен айналысып, қазак тілінде “Өнер шеберлері”, үйгыр тілінде “Омыр шәжи्रәси” атты кітап жазып бітірді.





## ҰЙҒЫР ӨНЕРІ

### *Қысқаша тарихы*

Барлық түркі тілді халықтар секілді ұйғыр мәденисті де, әдебиеті де, өнері де ерте қалыптасып, ерте гүлденген. Музыка, ән, билерінің тарихы басталғанына мындаған жылдар өтті. Түркі тайпаларының музыкасы шығыс халықтары музыкасының тұғыры саналады. Бұл туралы Азия, Еуропа саяхатшылары, ғалымдары, тарихшылары айттып та, жазып та кеткен пікірлері көп. VII ғасырда Шығыс Түркістан жерін шарлаған қытай ғалымы Шуанзян: “Хотән халқы музыка, ән, биді өте жақсы көреді екен. Күшар халқының музыканттары – өз өнерінің шебері. Олардағы музыка және саз аспаптары басқа елдердікінен артық”, — деп, атап жазған.

981—984 жылдары Түрпанның Қарақожа деген жерінде түрган Ван Янди ұйғыр музыка аспаптары туралы былай деген: “Ұйғырлар егіншілік, бакташылық ісінде де шебер халық. Музыканы өте жақсы көрсіді. Бәрі де музыкамен әуес. Саз аспаптарының ішінде пипа (төрт ішекті жәнс жиырма бес ішекті кунхо) саз аспабы бар. Ұзақ сапарға шыққанда музыка аспаптарын ала жүреді...”.

XIV ғасырда омір сүрген оқымысты Мирза Хайдар Дағлати: “Абусайд хан саз аспаптарынан қыл ішекті қобыз бен қос ішекті аспапты ұнатады” деп жазса, “Пәрәз Иқлим” дейтін кітабында Абусайд ханның баласы Абдурашит хан туралы былай жазған: “Абдурашит хан әкесі сияқты бірнеше музыка аспаптарын шерте білетін. Ол әңгімені қалай өссем жазса, өлеңді де сондай жазатын...”

Венеция саяхатшысы Марко Поло Шығыс Түркістан ұйғырларының музыкасы туралы: “Бұл жердің халқы әнмен, бимен шұғылданады. Асқақтата ән шырқап, тербеле билейді де, қам-қайғыдан аулактағандай қуанышта жүреді екен...” деген. Шығыс Түркістан тарихын зерттеген А. Қозымбек, В. Бартольд, В. Радлов, Ю. Ширваний, Г. Е. Грумм-

Прижмайло, С.Е.Малов, А.Ю.Якубовский, тағы басқалар үйғыр халының өнсөрі туралы құнды пікірлер айтқаны мәлім.

Даңқты ғалым әрі музықа зерттеуші әл-Фарабидің “Музықа туралы”, Абу-әли ибн Синаның “Музықа” трактатында, Дәрвиш Әлидің жазбаларында шығыс музыкасының тарихы, орындалу тәсілдері, аспап түрлері жан-жақты талданған. Орыс ғалымы Н.Н. Миронов пен қазақтың саяхатшы ғалымы Шоқан Уолиханов үйғыр коркемнегерінің басы ертеден басталғандығын талдап, оның сан салалығы, әуендерінің үнділігі туралы жоғары баға берген. Шоқан Уолиханов: “Үйғырлар Орта Азия халықтарының арасында өзінің музыкасымен және биімен даңқты” деп жазды.


Үйғырдың музықа зерттеушілері молла Исмәтулла молла Неғматулла ұлының “Тарихи мусқион” деген кітабы мен Юсупжан Фаппаровтың “Ел ән әуендері” зерттеулерінде үйғыр музыкасының алтын қоры “Он екі мұқамның” және үйғыр музикаларының қайсысы қай заманда ойналғанын талдайды. Исмәтулла өз кітабында Қызырхан Ярқәндидің “Хөштәр” деген музықа аспапын жасағанын айтады.

Үйғыр халық музықа аспаптарының түрі көп. Бұл жөнінде түрпандық музықант Нәнту: “Біздің музықа аспаптарымыз Үндістан музықа мектептерінде үйретілетін музықа аспаптарынан коптігімен срекшелсніп тұрады”, — деп жазып кеткен екен. Н.Н.Пантусов озінің “Тараншы әндері” атты зерттеуінде Іле үйғырларының 62 әнінің атын атайды. Кітабының 18-бетіндегі 1871 жылдары Іле үйғырларында 27 түрлі музықа аспаптарының болғандығын көрсетеді. Кащқарда арнайы музықа базары отіп тұратынын жазады.

Тарихи мәлімстерге қарағанда үйғырлар VI ғасырдан XX ғардың скінші жартысына дейін қылыштық музықа аспаптарын шерткен. Ол аспаптар мыналар: әдеттегі дабыл, шал дағыра, бақсы дабылы, соқпа дабыл, қос қабыргасынан үрып ойнайтын дабыл, скі ішекті ыспалы ғежак, торт ішекті ғежәк, он ішекті ғежак, кол сықырлауығы, соғыс дауылпазы, соқпалы дауылназ, жергілікті рауап (скі ішекті), Қәшқәр рауабы (торт ішекті) Долан рауабы (он ішекті), қос шанақты рауап; бас нағыра (скі), орта нағыра (скі), аяққы нағыра (скі), нағыра-дабыл, қашқар дугары, Хотән дугары, үш ішекті тәмбір, бес ішекті тәмбір, сырнай (сегіз тесікті), сыйбызы (он тесікті), сылдырмак, қос сылдырмак, ауыз қобызы, тәмбір сықылды қобызы, тақылдақ, тақылдақ дабыл, сата (қос ішекті сата), тоғыз ішекті ыспалы аспап), қолун, кіші

зыңылдақ, үлкен зыңылдақ, қаңылтыр ұлу, кунхо (гоңға), шақша, қос тас, домбыра, желді, шаң, аяқты, өупілдек, барман, дәмпо, қабу, скрипка, сырнай, кушар сырнай, керней, бөтжигар, рәхаузө, чаһар ішек, қос ішек, сита, бас ішек, қатты ішек, жіңішкес ішек, жез сырнай, жез шыңылдақ.

Бұл музыка аспаптарының 44 түрінің суреттері табылған. Қалғандарының сипат-сыны әлі анықталмай отыр. Табылған музыка аспаптарының сурсті Алматыда үйғыр тілінде шығатын “Коммунизм туғи” газетінің 1967 жылы 10 желтоқсанындағы санында басылған. Оған нақты түсінік берген зерттеуші Ашыр Вахиди. Олар мына томендегілер:



Бұл аспаптардың ішінде соғып ойнайтын, үрлеп ойнайтын (үрлемелі), таяқшамен қағып ойнайтан түрлері де бар. Бұларды да үйғыр халқы озі бастан кешірген заманының саяси-әлеуметтік жағдайына, оздерінің түрмис-тіршілігіне, әдет-ғұрпына орай өздері жасап, іс жүзінде колданған. Бірсыныраларында көршілес өмір сүрген халықтардың музикалық аспаптарын шығармашылық әдіспен жаңғыруға пайдаланған. Сол әдіс арқылы озінсін сіндірген. Сойтіп, музыка тілімен жауына қарсы қаһарын төгіп, арыз-арманын да, қуанышын да жария еткен.

Әлбетте, бұл музыка аспаптарымен салған ондерін сүйсмелдсеген. Әусндерінен сый келмесндерінен әүестенбетген. Әсі-

ресс молдалар мен манжу хандарының қысым көрсетулері салдарынан коптеген музыкалық аспаптар жойылып кеткен. Сйтсе де үйғыр халқы өздерінің ата-бабаларынан қалған асыл мұраларын, көзінің қараашығындаи сақтаған. Кей түрлерін қайтадан шығарып, жетілдіріп, жаңғырта пайдаланған. Сол әдіспен саз шертіп, әндерін сүйемелдеген. Күні бүгін сазға слтіп, дауыстарын bezеп келеді.

XVIII-XIX ғасырлардан бері үйғыр халқының музыка аспаптары мен әсем әуендерін біздің дәуірімізге жеткізген халық таланттары: Ыслим, Селим, Ахунум Карошаң, Турдахун әл-Нәғме, Сәләй Тағар, Фазикор, Рошидин бек, Муса Пака, Тохти Дуторшы, Ақбалық, Абдулла Думбақ, Һасан Тәмбир, Зунун Пайнәк, Барат Тәмбир, Назир Ғажәк, Тейип Кор, Исмайил Дуторшы, Жами Гежәк, Әмир Һапиз, Рози Дуторшы, Һүсәйін Тәмбир, Рози Тәмбир, Сәйдулла, Мәсәм Тоқум, Мәшірәп, Ахун, Мәһаммәт Турхун, Жалал Асимов, Зикіри Әлпеттаев, Абдунәби, Тұрсынжан, Һесенжан, Исмайил, Дывут, Турсун, Мәттайыр Һасанов, Нәрмәһаммәт Насиров, Абдуғопур Қадирқожаев, Султанмұрат Разәмов, Қадир Рози, Бокижан Йолдашев тағы басқа музыканнтар мен әншілер халық мұрасын сақтауға барлық күш-қайратын жұмысаған таланттар.

1990 ж.



## ӘП ТУРАЛЫ

Халық әндері тарихының тамыры тереңде. Мазмұны бай, мақсаты асқақ. Әуендері мұнды ғана емес, сергек, дара қасиеттері мол. Дауыс үнділігі ашық. Ырғағы алуан-алуан. Жанды қуанышқа бөлейтін ойнақылары да көп. Бұл әуендер адам өміріне терең сіңген және кең тараған. Бұл онер саласының өшпес түрі болып сөспеледі.

Ұйғыр өнерінің ән саласының ауқымы ксң. Тілі үғымды, халық ойымен қабысып жатады. Әдет-ғұрып та, салт-санасы да ән әуенінде үйіп жатады. Жүрксті толғандыратын сезім жслісі үзілмей жалғасқан.

Ұйғыр әндері мыңдаған жылдардың жемісі. Жазу-сызуы болмаған ерте замандарда-ақ әншілер халықтың өлең, жырларын әнге қосып, құйларін ойға сақтап шертіп келген. Сондықтан халық түрмисына оте жақын. Тыңдаушыларға ерекше әсер еткен. Ксійінгі дәуірдегі әншілер озі омір сүрген дәуірде тұған әндерді үмытпай жеткізді жәнс оның әсерлілерін шығармашаңылқа жолмен пайдаланды, өздері жаңа әндер шығарып отырды. Біздің дәуірімізге сақталып жеткен әндер халық жырлары негізінде жасалған әндер. Ол теніздің тамшысы. Сондықтан халық әндері ән өнерінің алтын қоры аталауды.

Ұйғыр әндерінің мазмұны бай, ойы терең. Өмірдің барлық қырын қамтиды. Онда Отан, ата-ана, күнделікті еңбек, махабbat, арман-тілек, мұdde-мақсат, зорлық-зомбылыққа наразылық, достық, туыстық, береке-бірлік сыйластық, жақсылық пен жамандық, ақ ниист пен ақиқат, қара ниист пен қараулық, дүние қамы мен өмір ағысы, салтанат пен сән, табиғат пен жер-су әсемдігі түгел қат-қабат қамтылады. Осылайша ән әуенімен айтылмаған өмірдің саласы жок. Қуаныш та, қасірет те ән арқылы жария етілген. Шемен бол қатқан шер кеудсі кернеген шаттық әнмен тараған.

Ұйғыр халық әндері негізінен өмір тарихының айнасы. Халық зары да, ыза-кегі де сонда. Әндер ағысының саласы көп. Сарынына қарай бірнеше топқа болуге болады. Соның ішінде Іле халық әндері негізінен бес топқа болінеді.

*I. Тарихи әндер.* Бұл әндер Манжу хандығының зұлымдығына қарсы халық құрссінің сарынын бейнелейтін әндер. Билеушілер халықты аяусыз езді. Зорлықпен жаппай айдан, қорған түрғызуға зорлады. Бұл зұлымдықтың бір түрі еді. Әнмен айтылатын жырларда бұл көріпіс айқын бейнеленді.



Қорған соғуға айдалды,  
Әрбір үйден көрі-жас.  
Қорған соғып біткенше.  
Аппақ болды біздің шаш.

Сол сияқты халықты өздері үшін өстен (арық, канал)  
қазу ісіне де айдап салып, зорлықпен жұмыс істетті.

Арықтың түбі қатты,  
Шапқан кетпен өтпейді.  
Залым бектер қақаңтап,  
Қасымыздан кетпейді.

Мұнда қаншама ақиқат жатқаны айқын. Көне тарихтың  
көрінісі.

1864 жылы шегінен шыққан Манжу хандығының зұ-  
лымдығы мен зорлығына қарсы Іле диқандары бас көтерді.  
Бұл күрестің басында өрі батыр, өрі ақын Садыр палуан  
жүрді. Ол өз өрекетін өлеңмен әнге қосып айтты.

Ат міндім күрең қасқа,  
Ырғыттым тастан-тасқа.  
Шерік атады тасқа,  
Садыр атады басқа.

Садыр олесіндері қозғалыстың ұранындей, ел ішіне кең  
тарады.

2. *Дастан айтатын әндер*. Манжу хандығы тұсындағы  
езуцілік халық жүргегін аяусыз жарапады. Өз бастарынан  
кешип отырған ауыртпалықты дастан ғып құрап, әнмен  
айтты. “Кош-кош...”, “Анархан”, “Назугум”, “Гүләмхан”,  
“Чин модән...” сықылды ошпес дастандар әнмен айтылу  
арқылы халық жүргегіне майдай сінді.

3. *Тұрмыс-тіршілік ағымына орай тұган әндер*.

“Ханлойлім”, “Уа, дөриға”, “Уа, қасірет”, “Жарым, сенің  
дидарың”, “Қарс ұрамын”, “Гүлғашық”, “Дертін батты”,  
“Жаным, апа”, “Сағынамын”, “Сөулем-ай”, “Ақ балық”,  
“Ей, надан”, “Көк қамыс” сықылды қыруар әндер асыл  
сезімді ғана емес, арманды, аңсауды шырқайды.

4. *Қазіргі заман әндері*. Бұл өзіміз бастан кешірген  
қоғамның, заманның сазы. Отан, туған жер келбеті, адам  
баласына ортақ ойлар. Бұл тұста үлттық түр, үлттық сарын  
сүйылған. Жалпы, Еуропа музикаларына еліктеушілік бар.  
Алайда біртұтастыры сақталған үлттық оуен сарындары да

көп әннің қасиеті. Бұларға жаңа түрмис-тіршілікті жырлайтын әндер де жатады. Месслен, “Партия қайда болса, жеңіс сонда”, “Тракторлар дүркір” сиякты әндер өз дөуірінің сарыны.

5. *Эстрадалық әндер*. Соңғы жылдары Азия, Еуропа оң рінің ауқымды ықпал етуіне оссерлену арқылы кірген эстрада әндері біздің де онерімізге тамыр жайды. Эстрадалық музика аспаптарының ойналуы мен үндік сарыны құشتі. Халықтық ырғақ сарыны екпінді, фольклорлық сарыннан шалғай. Ол өзіл-оспақ, талғам-талап шығармашылықпен пайдалану арқылы жасалады. Музыкасының ырғағы, өуені ойнақы, екпінді келеді. Мұндай әндердің үлттық сипаты қанша даулы болса да, үлттың озіне тән ерекшелігін шет қалдара алмайды. Шығыс Түркістандағы және Кеңес сліндегі үйғыр эстрадалық ансамбльдерінің айтып жүрген әндері үйғыр халқына тән әндер қатарына қосылуда. “Қамбархан”, “Аппак, аппақ, қояндар” сыйылды әндер сол түргыда.

Үйғырдың коне тарихы классикалық әндерінен құрылсын, халық әндерінен құрылсын, олар омірге қызмет стеді. Әр заман өз әндерімен өркенді. Мұқам, дастан, мәшіреп әндері, жеке сарындар — талантты әншілердің қанып ішер бұлағының көзі. Сондыктан ол әндер бүгінгі дәуірге жемісін үзбей жеткен. Ондай таланттар санының тізбегі де тізліп үшқан тырнадай созылып келеді. Сол тізбектің соңғы кошіп бастаушының бірі — талантты әнші Әбдуәли Жарулласы Ілс үйғырларының халық әнін бала кезінен жаттап өссе, сінді соңынан ерген жас үрпакқа үйретіп, көшті ілгері жетелеуде. Сонымен қатар сол әндерді жүйелеп, өуен ырғағына, мазмұнына қарай он екі топқа бөлген.

Бұл топтама қазір “Он екі мұқамның” он екі сарыны немесе әрбір халық әні мұқам дастандарының өуені түрінс кіріктіріліп, өзіндік сарынмен айтылып жүр. Сөйтіп, халық әндерінің өуені көкке шарықтап, қанатын жая түсуде.

## БИ ТУРАЛЫ

Ұйғырдың халық биі — өте ерте заманнан қалыптасып, озіндік сипатымен танылған ұлттық өнер. Ол халық жаратқан музикалық сазбен, әнмен тығыз байланысты. Солармен қатар қанат жайып, өркендең өсіп келеді.

Қайталанбайтын әсем қимылды, сұлу құбылысты билер саз бен ән секілді халықтың тіршілік әрекетін, өмірлік күресін, саяси-әлеуметтік қозғалыстарды бейнелейді. Адамдардың қуанышы да, коріп жүрген жәбір-жапасы да, қайғы-қасіреті мен арман-тілегі де қамтылады. Қаһармандардың ерлік қимылы, жастардың маҳаббат-сүйіспеншілігі сол би қимылданынан байқалып отырады. Осының бәрі әсем қимыл-қозғалыспен корсетіледі. Қоқейдегі ой, көңілдегі тілек түсіз, дене қимылдары арқылы айттылады. Басқаша айтқанда, би дене қозғалысымен ойды білдіретін сұлу әрекет. Онда тұрмыс қалпы, ой-сөзім сол қимыл арқылы баяндалады. Қимыл-қозғалыс саз ырғағына бағынып, соның үйіріміне сай болады. Бұл өнердің қайнар бұлағы — адам ойының, еңбегінің негізі.

Әр халықтың тарихы, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, өмір сүріп отырған жаратылыс жағдайы ұқсас емес. Сондықтан олардың әндерінің әуені де, билсрінің қимылы да бір-біріне үқсамайды. Ол әр халықтың өзіне тән, тіршілігіне сай қимылдарды қамтып отырады.

Ұйғырдың халық билері де осындағы, өзгешеліктерді қамти қалыптасқан. Ұйғыр музыкасының алтын қоры “Он екі мұқам” болса, халық билерінің тамыры да мұқаммен негіздес. Мұқамның “Мәшіреп” аталатын бөлегі негізінен бидің әсем коріністері. Мұнан халық тарихының елесі, тіршілігі, әдет-ғұрпynyң галересісі корінеді. Бидің өте әсемдері осы араға топтастарылған. Ән мен күй әуенінің ырғағына үйлескен билер терең сезімге бөлейді.

Ұйғырдың билері өтс әсем, қысқа, образды болып келеді. Лирикалы әрекеттер мен ойнақы қимылдар көрермендерді баурап алады. Аса ыстық сезімге шомдырып, эстетикалық ләzzат береді. Сондықтан хан ордаларының қожалары оз кезінде асқан шебер күйшілерді, әншілерді, бишілерді орда сарайларында үстап, осы өнердің рақатына батқан. Өнер құдіретін өздерінің қуанышы үшін пайдаланған. Императорлар мен орда хандары биши қыздарды үстап, солардың талшбықтай ырғалған әсем көріністі билерін тамашалаған. Ал халық өздерінің ойын-сауықтарында,

тойларда, мәшірептерде жеке бишілердің ойынына сұйсініп, содан қуаныш тапқан. Сөйтіп, би өнері жалпы халықтың қуанышына айналған.

Ұйғыр билерінің қалыптасып, оркен жайған жері Шығыс Түркістан болғанымен, бірте-бірте өрісін кеңейтті. Билердің түрлері мен сипатына жаңа өзгерістер енді. Оның өркендеуінс халық өнерпаздары өлшеусіз үлес қосты. Қазір бізде классикалық би, халық би деген би түрлері бар. Бұл билер оз қасиетіне қарай ұжым, жалғыз және екі кісі тарапынан орындалады. Көпшілік биі, әйелдер биі, ерлер биі өзіндік қимыл-қозғалысымен ерекшеленеді. Осыдан балет биі, ойын-сауық биі нәр алып, қанат жайып отыр.

Ұйғыр билерін жасы үлкен ерлер мен әйелдер, жігіттер мен қыздар және кішкене балалар өздеріне лайық түрлерін пайдаланып, бөлек-бөлек ойнайды. Бұл билердің түпкі нұсқасы мұқамдағы мәшіреп ойынының күй-сазға үйлескен билерден өрбиді. Бұл көбіне орта жастағыларға тән. Жігіттер мен қыздардың билері ойнақы ерке, назды болып келеді. Балалар женіл, қысқа қозғалысты, жіті қимылды билерді пайдаланады.

Ұйғыр халық билерінің ішінде жеке кісілердің мінез-құлқын, іс-әрекеттің көрсететін сықақ, өзіл түріндегі жора билер де бар. Мұндай билер кобінше өзіл түрінде келеді.

Откен дәуір халық билеріне де өзінің әлеуметтік ізін қалдырып отырған. Дәуірге сай түрмис-салтты көрсететін, адамның рухани дүниесін жанды түрде бейнелейтін билер әр түста туындағы.

“Іле сәнәмі”, “Қашқар сәнәмі”, “Кучар сәнәмі”, “Долан сәнәмі”, “Атуш сәнәмі”, “Қумул сәнәмі”, “Жұлан сәнәмі”— мәшірәп, той, мейрам, ойын-сауық болған жерлерде ойналатан билер. Өзіндік ерекшелігімен дараланады. Одан басқа әр жердің өзіне тән билері де бар. “Бет ашу”, “Гүлдейқызы”, “Долан”, “Атуш”, “Нағра” “Жастық”, “Шадияна”, “Сағыныш”, “Қауыншы”, “Кездесу”, “Леген”, “Кесе”, “Өсек”, “Өлең”, “Перизат”, “Қара жорға”, тағы басқа толып жатқан билер үйғыр халық билерінің сан салалы екенінің дәлелі.

Даңқты биши Қамбархан жасаған “Бостан”, “Ошшак”, “Чәббият”, “Жібек шымылдық” секілді өрісі ауқымды билер — халық қазынасына қосылған үлес. Сонымен бірге “Бейбітшілік”, “Азат қызы”, “Соғысқа аттандыру”, “Мол онім” секілді көпшілік қосылып ойнайтын билер қалыптасты.

Көрнекті бищі һажи Рахман жасаған “Кездесу”, “Жібек”, “Ленген” билері – даңқты биши Ибраіымжан Мирза ұлы Нұрбеков шығармашылығының жемсісі. “Бүтін бізде мейрам”, “Той”, “Жібекші”, “Кестеші”, “Қойши қызы”, “Алтын масақ”, “Гүл Ләйлі”, “Жан ерке”, “Мойнымдағы маржан”, “Жаңа түскен келіншекті қарсы алу”, “Түрік қызы”, “Өзбек қызы”, “Той алдында”, “Қызы үзату”, “Тәнір тауы қонысым...” жәнс басқа билер, Рози Ясин саҳнаға шығарған ерлер биі , Мәһеммәт Әзиз тәртіпкес салған үйғыр классикалық билері, Әмина Қадырова мен Һаяхан Әзизова қалыптас-тырған билер – үйғыр халқының онерінің оркені.

Үйғыр жәнс басқа үлт билерінің үлттық ерекшелігі бар. Би өуен ырғағына сай шебер орындалып, халық қолдауына боленеді. Бишілердің онері халықтың сүйіспеншілігіне қарай бағаланады. Қамбархан, Айымжан Әзизова, һажи Рахманов, Һөмрахан, Ибраіымжан Нұрбеков, Зәйнәп Сыдықова, Аблакан, Абдуғул, Айтулла Қасимова, Мәриям Насырова, Әмина Юсупова, Һаяхан Розиева, Зәйнәп Сабитова, Хеличәм Сыдықова, Саламәт Алымжанова, Мәһеммәт Давутов, Ренангүл Аблизова, Гулбаһар Сыдықова, Аблімит Тохтисев, Зәйнәп Сәидий, Нурниса Исмайлова, Күрәш Рәжопов, Нұсірәт Әметова, Һүриот Мәһоммәтова, Ләтипә Құрбанова, Рәна Мәхсұтова, Туран Махмутова, Хәбібә Абдулласва, Қәмбарниса Әһәтова, Балақызы Абдуқадирова, Дилнар Абдулласва, Ңемит Меһрулласв, Ләтипә Садықова сықылды бишілер халық ішіндегі зор құрметке ие болған таланттар.

Би оте нөзіктікті, қымыл өсемдігін талап ететін онер. Қол да, бас та, кеуде де, бел де, қас пен коз де, боксе мен ксуде, аяқ-сирақ та түгсл қымылдауға тиіс. Соны іске қоса білу арқылы сүйсіндіріп, таңдандырып, тамсандырумен көпшілікке эстетикалық ләzzат береді.

Би ойыны албаты қымылды котермейді. Дененің әр мүшесі озінс лайық қозғалысымен сүйкімді көрінеді. Соның бәрі музыка өуенімен қабысуы керек. Міне, бул талап үйғыр биінің негізгі артықшылығы болып саналады.

Ойнақылық, еркелік, наздылық – бишинің шеберлігінен туады. Сол қымылымен көз тартады, сезімді тербейді.

Үйғыр халық билерінде кейде ән бірге қосарлана орындалады. Бишині музыкаға қосылған оншілдер жебейді. Жігерін қайрап, желпіндіреді. Биши әннің мазмұнына сай озінің қымылын да құбылта түседі. Ән ойнакты болса, би де соған

сай қимылды қамтиды. Бидің бұл талабын онерпаздар өз ісімен жүзеге асырады.

Қазір үйғырдың коптеген талантты музыканттары, әншілері, күйшілері, бишилдері өнерімен танылды. Шығармашылық талғампаздықтарымен үйғыр халық өнерінің қазынасын, алтын қорын молайта түсү жолында өз үлестерін қосып жур.

1990 ж.

## **ХАЛЫҚ ӘП-КҮЙШІЦ ОТАУЫ**

*(Он екі мұқам)*

Үйғыр халық музыкасының тамыры тереңде. Ерте заманда музыка өуснін жазу, нотаға түсіру болмағандықтан, он өуендерін алғыр әншілер естерінде сақтап, ауыздан-ауызға тарату арқылы жүрттың қөкіргене үялатқан. Сойтіп, халық өнерпаздарының шалқар дарынының арқасында бұл оуендер бізге жеткен.

Әлемге әйгілі “Мың үй”<sup>1</sup>, “Идиқұт”<sup>2</sup> мазарларының қабырғаларына түрлі түсті бояулармен сыйылған суреттерде үйғыр халқының V-VI ғасырлардағы саз-музыкасының сипаты бар. Күй шертіп, он салып отырған кіслердің бейнесі соны дәлелдеді.

Адам өміріндегі қуаныш пен мұнды, әлсуметтік қарым-қатынастар мен қақтығыстарды, сезім-толғаныстарды халық таланттары өлеңдер, музыка сазы арқылы соулелендірген десек, соның өзі де тіпті арыдан басталады. 561-578 жылдары өмір сүрген Қытайдың Шу хандығы кезіндегі естеліктердің бірінде жазылуынша, сол заманда Кучарда Нәнту деген музыкант откен. Ол кісі Шу ханының өтініші бойынша ордасына барып, ордада ойналатын музыка аспаптарын реттеп берген. Ханның музыкаға байланысты сұрақтарына Нәнту: “Біздің музыкамыз қытай мен үнді музыкаларынан жеті ырғакты болуымен парықталады. Соған орай музыкалық аспаптарымыздың да түрлері Үндістанның музыкалық

<sup>1</sup> Мың үй — V-VIII ғасырларда Шығыс Түркістанның Ақсу аймағына карасты Бай ауданының, Қызыл, Кучар ауданының Құмбас таулы оңірлеріне қашалып жасалған үйлер.

<sup>2</sup> Идиқұт — Шығыс Түркістанның Түрпан ауданындағы коне қала орны.

аспаптарынан көп. Мен өз халқымның музыкасын жақсы білемін және жақсы көремін. Өйткені бұл музыка бізге үзак жылдар бойы атадан-балаға мұра болып келеді. Менің өкем де шебер музыкант еді”, — деп жауап берген.

Жапон, қытай, үнді, араб және Еуропа елдерінде баспадан шыққан музыка туралы жазбаларда V-VI ғасырлардағы үйғыр музыка өнерінің жоғары дәрежеде дамығаны, оның әсіресе, Азия елдерінің музыкасына зор ықпал еткені атап айттылады. Қазіргі кезде айттылып жүрген кейбір өуендерді V-VII ғасырдағы туындылар деген пікірлер бар.

Марко Поло, араб саяхатшысы Якут әл-һамәвий (XIII ғасыр), Ш. Үәлиханов, Н.Н.Пантусов үйғыр музыкасының ертеден келе жатқаны туралы айқын тұжырымдарын жариялады.

Шығыс музыкасы жайында ертеде пікір айтқан Ибн Сина, әл-Орматий, Маһмут әл-Амулий, Қожа Абдулқадыр Мәрайй, Абдрахман Жамий, Зәйнауиддин әл-Һүсәйни және басқалар үйғыр музыкасының мұқамы туралы ғылыми ойдың негізін салды.

VII ғасырда әмір сүрген Шығыстың атақты музыка зерттеуші ғалымы Сәфәдин Абдулмомун бин-Йұсп әл-Орматий өзінен бұрынғы ғалымдардың ісін жалғастырып, музыка туралы ойларын дамытып, құнды сәбектер жазды. Әріптегін таңбалары бойынша кесте жасап, “Он екі мұқамды” жүйеге салды.

Жүсіпжан Гапаровтың жазуына қарағанда, орда музықанттары өз дәуірінде отыз екі мұқамға дейін ойнаған. Бұл мұқамдардың ішінде “Хан-бектер сазы” деп аталатын жоғары салтанат иелсрінс арналған түрлері де болған.

Мұқамшылық XV-XVI ғасырларда гүлденген. Бұл дәуірде талантты музықанттар мен мұқамшылар бұл дәстүрді мықтап қалыптастырыған. Мәселен, Исмәтулла Немәтулланың жазуына қарағанда, үйғырларда мұқамшылық XIII ғасырда жоғары сатыға котерілген, “Қадырхан жаркенттік еді, — деп жазады ол, — өнер ғылымында бұл кісі сияқты жетік музықант болған смес. Ол кісі ылғи да Әлишер Наваййдін ғазалдарын оқитын. Мұқамды да керемст айтатын. Дүние айналса да бұл кісідій өнерлі адам дүниеге келе қоймас. Ирак, Иран, Тәбріз, Хорезм, Самарқанд, Әндижан, Стамбул, Кашмир, Балих, Шираз қалаларынан музыка үйрену үшін шәкірттер келетін. Рауапты, сегіз ішекті аспапты Қадирхан жасаған... Музыка ғылымында “Нәзік нұктес” кітабын жазған. Қадирхан “Тербеліс” атты мұқам шығарып, шәкірттеріне үйреткен”.

Аманниса ханымның “Ишарат әуені” деген мұқам шығарғаны мәлім. Одан басқа Нармағаммет Насиров реттеген “Жаркент мұқамы”, Зикіри Әлпатаев шығарған “Рухсаро” мұқамы бұл өнердің дамыған жалғасы. Ел арасында олі де сақталған мұқамдар да болуы мүмкін.

“Он екі мұқамнан” басқа “Іле би”, “Қашқар би”, “Құмул би”, “Долан би” сияқты күрделі би музикалары да бар. Бұлар “Он екі мұқамнан” бөлек аталаған жүр. Озіндік дүниелер саналады.

“Он екі мұқамды” тыңдаған қазактың ұлы ғалымы Шоқан былай деген: “Халық таланттары таңдаулы шығармаларды өз бойына жинаған. Бұл — үйфыр халқының рухани байлығы”.

Шоқан айтқандай “Он екі мұқам” — үйфыр халқының ғасырлар бойы жасаған таңдаулы шығармаларының қалыптасып, жүйеге түскен өн-күйлерінің катынасы. Оның ішіне қосылған өлендер мұқам үшін арнайы жазылған өлендер емес. Ертеде өткен ұлы ақындардың дастандары мен газалдары, халық өлендері. Өн өуендері мен би күйлері жинақталыш, бір жүйеге түсірілген шығарма деп айтуға болады.

“Мұқамның” әуен сарынында үйфыр халқының басынан кешкен ауыртпалығы, мұң-зары, сезім-сырлары бар. Кейбір ырғагы тыңдаушыларды толғантып, мұңға батырса, кейбірі көңілді балқытып, қуанышқа бөлдейді. Енді бір тұсы мұң-зарды, қайғы-қасіретті, өкініш-өксікті баяндайды. Музика сазы әділетсіздіктің азабында күйген жандардың күйзслісін толғайды да, сиді бір әуен ырғагы кілт өзгеріп барып, адамдарды парасатқа бастайды. Тағы біреулері тенденсі жоқ шаттыққа кенелтеді.

“Он екі мұқам” — үйфыр мәдениетінің аса ірі ұлгілерінің бірі ретінде өлемдік музика өнерінің қорына қосылған асыл қазына.

Бұл қазынаны сақтап дамытып, біздің дәуірімізге жеткізген мұқамшлар Жуми Кәшир, оның балалары һелим, Селим және олардың шәкірті — Іледе өткен Ахунум Қарошаң (Әмәт ұлы Мәһеммәт) және Гайиттар. Олардың шәкірттері Турдахун әл-Нәғмә, Рози Тәмбир, һасан Тәмбир... Ал Рози Тәмбирдің шәкірттері Һұсәйин Тәмбир, Зикіри Әлпатаев, Мәттайыр Һәсанов, Нурмағаммәт, Насиров, Абдуғопур Қадирнажиев, Сұлтанмұрат Разәмов, Қадир (Рози) Мәһеммәтов тағы басқалар. Бұлардың “Мұқамды” сақтап, елге насиҳаттаудағы еңбегі зор.



Дәуірдің өтуі, заманың сырғуы, жергілікті жағдайға орай мұқамшылардың творчестволық ізденуі арқасында “Мұқам” толықтырылып, нұсқалары көбейген.

Қазір мұқамтанушы ғалымдардың айтуы бойынша “Он екі мұқамның” төрт нұсқасы бар екен.

Олар түр, ырғақ жағынан біріне-бірі ұқсамағанмен, тамыры бір. Кей “Мұқамның” түрлері мыналар:

### **Қашқар мұқамдары:**

Рак	Әжәм
Чәббият	Опшақ
Мұшауирәк	Баят
Чарғаһ	Сигаһ.
Пәнжигаһ	Ирық
Өзһал	

“Қашқар мұқамы” өзіндік ерекшелігімен назар аударады. Онда “Үлкен әуен”, “Дастан әуені” ырғағы бар. Оған “Мәшіреп әуені” қосылады да, үш топқа болінеді, “Он екі мұқамның” негізі “Үлкен әусіндерден” құралған. Оған екі жүзге жуық өн-күй кіреді. Бұл Ахунум Қараشوңың айтып беруі бойынша жазылып, нотаға түсірілген. Қашқардың “Он екі мұқамы” кітабында жарияланған. Бұл топтаманың ішінде айтылатыны — “Мұқамның басталуы”, “Тәзә”, “Тәзәнің түсірмесі”, “Нұсхә”, “Нұсхонің түсірмесі”, “Кіші Сәләқө”, “Кіші Сәләқенің түсірмесі”, “Жула”, “Сәнәм”, “Үлкен сәләқө”, “Пәшру”, “Пәшрудың түсірмесі”, “Тәқит”, “Тәқиттің түсірмесі”, “Абучөшмө”, “Нұқрут”, Мұның бәрі “Үлкен нәғмө” тармақтары.

Ал “Дастан әуені” де көлемді. Оның түрлері: “Бірінші дастан”, “Бірінші дастаның мөрғұлы”, “Екінші дастан”, “Екінші дастаның мәргұлы”, “Үшінші дастан”, “Үшінші дастаның мәргұлы”, “Төртінші дастан”, “Төртінші дастаның мәргұлы”.

“Мәшіреп” әуені де сала-салаға болінеді. Олар: “Бірінші мәшіреп”, “Екінші мәшіреп”, “Үшінші мәшіреп”, “Тортінші мәшіреп”, “Бесінші мәшіреп”, “Алтынші мәшіреп”. Тағы бір түрлері үш-торт мәшірептен құралады. Мұнда жай және әнге қосылған қырыққа жуық билер ойналады.

Қашқар “Мұқамдарының” тарихы әріден басталады. Оның өркендер, дамыған кезі IX–XI ғасырлардағы Қараханийлер дәуірі. Музыка мамандарының зерттеулсріне қарағанда, соңғы

жылдары өмір сүрген даңқты мұқамшы Жуми Қәшир жәнс оның балалары Һеслим, Селим Қашқар “Мұқамының” қалыптасуына зор үлес қосқан, Олардың иғі істерін Тәвәкәл Әмәтұлы Мәһәммәт молла (Ахунум Қарошаң), Молла Гайит, бұлардан соң Турдахун, Қасымахун, Ходайберді ахун, Муса ахун жалғастырган.

Бұл мұқамның көп тараған жері Яркент, Қашқар, Кучар, Ақсу, Бай, Қарашөрі... Қашқар мұқамдары негізінен қыл-кобыздың сүйемелдесуімен орындалады.

Қашқар мұқамдары “мұқамдық” сарынның толық түрі саналады. Оның музыкасы мән ән әуендері 1952–1956 жылдары даңқты мұқамшы Турдахун әл-Нәғмәның айтуы бойынша жазылып алынған. Нотасы 1964 жылдары екі том болып басылып шықты.

### Іле мұқамдары:

Рак	Әжәм
Чаббият	Ошшақ
Сигаһ	Баят
Чарғаһ	Науа
Пәнжигаһ	Мушаурәк
Өзһал	Һүсәйнан

Бұл мақамдарды 1883 жылы Ахунум Қарошаң Қашқардан Ілеге қоныс аударғанда ала келген. “Іле мұқамдары” өзінен бұрынғы Қашқар мұқамына негізделген. Алайда жергілікті музыканнтардың ізденгіштігі арқасында “Іле мұқамдарының” құрамына жаңа нұсқалар қосылып қалыптасқан. Бұған елеулі үлес қосқан музыканнтар: Рози Тәмбір Әзәмұлы, Һәсән Тәмбір, оның шәкірттері Зикіри Әлпәттаев, Һүсәйм Тәмбір, Нұрманнамәт Насыров, Мәттайыр Һасанов, Абдуғопур Қадирхажисев, Сұлтанмұрат Рәзәмов, Абдуқадир Мәһәммәтев, Рози, Абдукерим Рози, тағы басқалар.

Қазақ ССР Фылым академиясы үйғыртану болімінің ғылыми қызыметкери Б. Әршиденовтің зерттеуі бойынша, Юсуп Гаппаровтың бұдан жарты ғасыр бұрын жазған “Әл-нәмәс әуені” мақаласында (“Бірінші қадам”, 1924 жылы, Алматы), сол дәуірдің даңқты мұқамшыларынан Молла Гайит пен Пәхәм сияқты орда музыканнтарын да атайды. Олар Іле, Жаркент, Шелек, Бел және Алматы үйғырларына мұқамдарды таратушылар. Содан бері бұл дәуірдің мұқамдары Абдулла Думбақтың ссімімен байланысты аталады.

Іле мұқамдарының ырғагы Қашқар мұқамдарына қарағанда екпінді, ойнақы, қысқа, мұнды, сылқым болып келеді.

“Үлкен нәғмө” Іле мұқамында жоқ. Мұқамдардың реті де алмасып отырады. Қашқар мұқамдарында он екінші мұқам “Ирық” деп аталса, Іле мұқамында “һүсәйман” делінген. Иледе “Ирық” мұқамының орнына “һүсәйман” мұқамы енгізілген. Іле мұқамдары тәмбір, дутар, сыбызығы әуендерімен басталады.

Іле мұқамдарында “Мұқам басы” айттылады да, соナン соң “Дастан өуені”, “Мәшіреп өуені” ойналады.

Іле мұқамы Ташкентте қайтадан реттелді де, мұқам Іле нұсқасы негізінде пленкаға жазылды. Бұл іске Н.Насиров, М.Һәсәпов, Ф.Қадырнажиев, С.Разәмов, Қ.Розиев сықылды білікті музыканнтар қатысты. Төрт-бес жыл тұрақты еңбек етудің арқасында бұл жұмыс ойдағыдан аяқталды. Бұл істе “Мәшіреп өуені” саласында коп жұмыс істелді. “Сигаһ” пен мұқамның “Дастан өуені” толық емес еді. “Сигаһ” мұқамының “Фарип-Сөнәм” драмасында айты-латын екі ән қосылып, “Дастан өуені” толықтырылды. Зикри Әлпәттаевтың “Рұхсарә” мұқамының үш дастаны “Чарғаһ” мұқамына қосылды да, “Чарғаһ” мұқамының “Дастан өуені” толықтанады. Бұрын “Чарғаһ” мұқамының “Дастан өуені” жоқ болатын.

Іле мұқамы өлеңдерінің сөздері жүйеге түсірілген толық сді. Бұл үшін Лутфий, Ғәрибий, Нәубитий, Рәбғози, Атай, Сәккакий, Зәлилий, Наубетий, Науайиң сықылды ұлы ақындардың өлеңдері пайдаланылды.

Сөйтіп, “он екі мұқамның” Іле нұсқасы реттеліп, бірсынша толықтырылған нұсқа жасалды.

### **Долан мұқамдары:**

Бірінші мұқам  
Екінші мұқам  
Үшінші мұқам  
Төргінші мұқам  
Бесінші мұқам  
Алтыншы мұқам  
Жетімші мұқам  
Сегізінші мұқам  
Тоғызыншы мұқам  
Оныншы мұқам  
Он бірінші мұқам  
Он екінші мұқам

“Долан” мұқамдарының жеке-жеке атавы жоқ. Ілс мұқамдарында айтылатын “Дастан өуендері” де кездеспейді. Әр мұқам өз алдына жеке-жеке айтылады. Жеке мұқамшының бастау өусні рауабтың сүйемелдеуіне бағынырылады. Өуендері ширақ, сергек. Тыңдаушыны даралық қасиистімен үйіріп тұрады. “Мұқам” зерттеушілердің кейбірі Долан мұқамдарын он скі емес, тоғыз дейді. Бұл пікірлер тиянақты зерттеп, анықтауды қажет етеді. Долан мұқамдарының коп тараған жері — Ұйғыр автономиялы ауданының Қорла, Маралбашы, Чарлық, Яркент аймақтары.

Хотан мұқамдары туралы да тұрақталған түйін жоқ, Талас пікірлердің болуы бұл “Мұқамды” зерттеуді әрі қарай негізінен дамыта “тұсуге құлышындырады. Копшілік ат салысса, ізденген істің нәтижелі болуы әбден мүмкін. “Хотан мұқамдарын” зерттеушілердің анықтамаларын сұрыптаپ, сарапқа салып қарағанда “Он екі мұқамның” хотандық нұсқасы жергілікті өнерпаздардың ізденістері арқылы жанданып, жарқырай тұскен. “Мұқамдардың” қурылышында, өуен-сазында, орындалу ерекшелігінде өзгешелік бар. Мұқамның басын қалған аспабының сүйемелдеуімен бір мұқамшы бастайды да, одан кейін “Дастан өуені” жалғасады. Осы тұста әншілер де қосылады. Соны “Мәшіреп өуснің” ауысып, биге үласады да, зор сарынмен аяқталады. Кең тараған жері — Шығыс Түркістан олкесінің Керия, Оңтүстік Хотан өнірі. Зерттеуші Әзиз Һашимовтың анықтауынша Құмыл, Турпан, Қорла аймақтарында да Қашқар, Хотан “мұқамдарының” жекелеген өуендері бөлек-бөлек айтылса да, әрқайсының өзіндік үйлесімі, ерекшеліктері байқалады. Бұл өуендер Құмыл қылқобызының немесе дабылдың сүйемелдеуімен орындалады.

“Мұқамдардың” Қашқар нұсқасы толық түрі саналады. Ол төрт бөлімнен тұрады. Хотән мұқамдары екіге болінеді — мұқамның басталуы және үлкен ырағақ.

Іле мұқамдары “Мұқамның” басталуы, шертпе, был-қылдақ, сәлиқа, сәулет деген бөлімдерге болінеді.

“Мұқамдар” халық әндері секілді шағын-шағын олең шумактарын қамтыған қыска өусндермен шектелмейді. Сөздеріне сұрыпталған, тәлімдік сапасы жоғары өлендер таңдалады. Эн сарыны мұнды болып келеді. Қобінесе жүйелі оқиғаға құрылған желілі олең мен сыршыл лирика, кейде отты өжуа-әзіл шығармалар қамтылады. Орындаушылар қандай жағдайда болса да көрнекі орынға отырғызылады.



Олардың алданда бейсауат сөздер айтылмайды. Тыныштықты бұзатын өрекеттер жасалмайды. Жұрт тып-тыныш отырып, үйіп тыңдайды.

Мұқамшының дауысы әсем, шебер айтқышы “Мұқамды” бастайды да, оны жалғыз дыбысты музика аспабымен бір музыкант сүйесмәлдейді. “Мұқамның” басы айтылып біткен соң, басқа әншілер қосылып, негізгі ыргакты жалғайды. “Мұқамның” сазына түскен соң оған би жалғасады. Әдеттегі той-томалактарда “Дастан” мен “Үлкен ыргак” айтылмайды. “Ошшақ” Мушурәк”, “Пәнжиінаның” әуендері ғана айтылады, ойткені бұлар ойнақы сергек. Жастарға да, ер-әйелдерге де ортақ. Ал “Науа” әуендерінің сазы мұнды болып келеді де, көбіне қайғы-қасіретті баяндайды.

Жақында Шыңжанда — үйғырлардың “Он екі мұқам” асыл қазынасы кітап болып жарық көрді. “Он екі мұқам”, он екі сериалық кино болып шықты. Үйғырлардың тарихы, әдебиеті, мәдениеті, әдет-ғұрпы, тұрмыс-тіршілігі, тұрмыс күй, салты, осы он екі сериалық кинода өз орнын тапқан.

“Мұқамның” басталу сазы — тыңдаушыларға жалпы саздың рухын, мазмұнын танытады да, одан әрі ойлы, сырлы саз шалқиды.

“Дастан” әуендері — көпшілікке арналған. Таңдаулы онерпаздардың қатысуымен таңдаулы дастандар айтылады. Ара-тұра жеке әншінің шырқай салған оні аспандайды. Оған аспаптар үні қосылады да, оқиға желісін айшықтай түседі, олең мен музика сазы тұтасып жатады.

“Мұқамдағы” ойын-сауық әуендері — жеке әншілер мен бишілердің онерлерін танытады. Үйғыр халқының сан агуан билерінің сайысы осы арада басталады. Әзіл-оспактар да еркін айтылады. Осы арадағы әүен саздары ойнақы, ширақ келеді.

Бұл коріністер Іле мұқамдарында жүзеге асатын тәсілдер.

“Он скі мұқамның” барлық түрлері толық жинақталып, зерттеліп болған жок. Сондықтан барлық түрін талдап, түйін-деп пікір айту да қыын. Солай бола тұра халық онерін сактаған бір топ онер қайраткерлерінің көмегімен бірсыптыра иғі жұмыстар істелді.

Үйғыр халқының жоғалып кету қаупіне үшыраған тарихи мәденистінің жарық дүниеге шығып, дамуына жан-жакты жағдай жасалды. Өзбек ССР Министрлер Советінің жанындағы Мемлекеттік радио-телевидение тарату комитеті арнаулы топ үйімдастырып, әйгілі мұқамшы Рози тәмбірдің шәкірттері — Нұрманнамәт Насиров, Мәттайыр Һасанов,